

«Заманда басқан аяқ кейін кеткен»

Ретроспективалық сұхбат

Журналистикада ретроспективалық сұхбат деген жанр бар. Өткенді баяндау арқылы әңгімелесу тәсілі. Осы әдіспен Ұлт көсемі Әлихан БӨКЕЙХАН шығармашылығына үңіліп, қал-қадерімізше сыр-сұхбат құрып көрдік.

– Сөзді абайлап нәм Абай деп бастаймыз. Қандай жағдаят болсын алдыңыздан Абай шығады. Әр адамның өз Абайы бар. Сіздің Абайыңыз кім? Ол қандай адам?

– 1904 жылы маусымның 23 жұлдызында Семей уезінің болысында (Шыңғыстауда) даланың сүйікті ақыны Абай Құнанбаев дүние салды. Хатқа түскен шын есімі Ибраһим (Авраам) болса да, қазақ даласы, шешесінің еркелетіп қойған нәзік те үнді есімімен Абай деп атап кеткендіктен, біз де солай қолданамыз. Абай, әке жағынан алғанда, тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, тобықтының батыр, биі Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің бойында XVII ғасырдың елуінші жылдарында дүниеге келген.

...Абай отыз жасында барымтаны жойып, өзге рудың байларымен достыққа ұмтылған, жауларын сескентетін бұделді қазақ атанады. Абай өзінің барлық қабілеті мен білімінің арқасында қазақтардың билік тартысы арасында басты тізгін ұстаушы болды. Абай өз елінің сом алтыны еді. Дауға да, партия таласына да әділ төрелік айтты. Абай он төрт жасынан бастап сықақ өлеңдер шығарды. Ол жастар арасында кең таралғанымен, оған онша мән бермеді. Дала атқамінерлерінің «ақын» деген атты мемденуден қашқаны әсер етсе керек. Қазақ сұлтандары өздерінің арасынан бақсы мен ақын шықпағанын мақтаншыпен айтатын. Кейін ақындық жолға түскен Абай қазақ ақындарын өнерді байдан мал қалап алуға жұмсағанын сынап, өлеңшісымақтардан өзін аулақ ұстады.

Ақындары ақылсыз надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты

жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып
топта зарлап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.

Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп,

жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап,

біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап,

Құдай қарғап.
Қайда бай, мақтаншаққа
барған таңдап,

Жиса да бай болмапты
қанша малды ап.
Міне, қазақтың суырыпсалма
«ақынсымақтарына» берген бағасы.

– Тарих мәселесіне көшсек. Тарих саясатқа айналды. Бәз-біреудің қалауымен жазылып келді, жазыла да бермек. Қазақ тарихында қандай деректер бұрмаланған?

– Газетаның («Қазақ» газеті) 3-нөмірінде қазақ тарихы турасында жаңылыстың екеуін санап едік. Және үшінші қата – мынау: «қазақ» деген сөздің мағынасын тарих кітаптары анық айтып бере алмайды. «Қазақ» деген сөз қайдан шығыпты? Мұны тарих кітаптарына қарап білуге болмайды. Орыстың тарихында «қазақ» деген сөзді жазбайды. «Киргиз» деген бір жаңылыс сөзді малданып, соныменен бүкіл тарихын былықтырады. Арабша нәм түрікше тарих кітаптарына келсек, онда да анық сөз жоқ, һәр түрлі ұйғарып айтады. Кейбіреуі қазақ «қашақ» деген деген сөзден өзгерілген дейді. Жәнібек хан тұсында ханзаданың біреуі хан бола алмайтын болған соң, қасына бозбаланы ертіп елден қашып азып-тозып жүрген соң, сахарада қалып «қашақ» атаныпты-мыс, жүре-жүре «қашақ» сөзі қалып, «қазақ» болыпты-мыс.


Осындай жаңылыстар ондық-мұндық ұсақ кітаптардың сөзі емес, нағыз шын, сенімді деген «Мұстафадал ахбар» кітабында да бар. «Мұстафадал ахбар» кітабын жазушы Қазанның Шаһаба ад-Дин Маржани хазіретлерінің ілімінің теңізі деп білгендімізден, қазақтың асылын, «қазақ» сөзінің мағынасын біле алмайды деуге болмайды. Бірақ ол жарықтық «Қазан халқына» махсус болған тағсібиі (фанатизмі) күшті болғандықтан, ноғай емес халықты жеккөргендігінен (ман-фур), қалай болса солай жаңылыс жазғаны жасырын емес.

Төртінші қата – «қазақ» сөзі «хайсақ-қайсақ» сөзінен өзгеріпті деген сөздері. «Халисақ» сөзі қалмақшада «гранит-са күзетшісі» мағынасында-мыс. Орыс тарихының кейбіреуі «қазақ» сөзі осы «хайсақ» дегеннен алынған деп өтірік жазады. Осындай өтірікті малданып, орыс жазушыларының көбі қазақты «киргиз-қайсақ» деп жазып жүр. Мұның өтірік екені сөз ретінде кейін айтылар. Осы күнде қалмақ, қытай қазақты «хайсақ-хасақ» деп сөйлейді екен, онысы тілі келмегеннен. Оныменен «қазақ» сөзінің

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН:

«Би ғәділ болмай,

жұрт ісі ілгері баспайды...»



Ә.Бөкейханның бастамасымен жарық көрген Абайдың тұңғыш жинағы

«хайсақтан» өзгерілгені білінбейді.

Осы күнде «мишер» (мысыр) халқы арабтан алынған «салам» сөзін «сейалам» деп сөйлейтіні бар. Сол секілді, қалмақ та «қазақ» сөзін «хайсақ» деп бұрып айтады деуге болады.

Бесінші қата – түрік қауымынан бір кісі далада аң аулап жүргенде бір адасқан қыз тауып алыпты-мыс. Қыз аса көркем, сұлу болса керек, еліне алып келгенде, халқы көріп сұқтанып: «Шіркін-ай, қыз-ақ екен!» – дейді-міс. Сол сөз

жүре-жүре «қазақ» қалпына өзгеріліпті-міс. Сол қыздан үш бала туып, күллі қазақ халқы сол үш баладан тарапты-мыс. Үлкен баладан – Ұлы жүз, ортаншы баладан – Орта жүз, кішіден – Кіші жүз.

Мінеки, осындай шіп-шикі өтірік сөздер тарих кітаптарында толып жатыр. Тарихтың шын-өтірігін айыруға шамасы келмеген шала моллалар «кітапта жазған сөз» деп осындай сөздерді көптің ортасында оқып, біреуден біреу естіп, осы өтіріктерге жұрттың

құлағы әбден үйреніп алды. «Қазақтың асылы қайдан шыққан?» деп сұрасаң, тәп-тәуір адам да осы өтірікті айтып қоя береді.

Мұнан төрт жыл бұрын қазақ шәкірттерімен кеңесіп, қазақтың тарихын жазбақ болып едік. Шәкірттердің әрқайсысының елінде шежіреге жетік адамдар бар. Тарихқа керекті сөздерді жазып әкелеміз деп кетісті.

Мінеки, шәкірттердің жазып әкелген шежіресі: «Қырым жұртында қырық сан ноғай болғанда, бір ханның баласы анасынан шала туыпты. «Тілеп алған балам шала туып, жұрттымды шала қылады екен» деп ханым баланы дешті-қыпшақта көшіп-қонып жүрген он сан ноғай ішіне тастатыпты.

Бала ержеткен соң, әйдік өнерпаз болыпты. Бір күні хан өзінен туған бала сөйтіп өнерпаз болыпты дегенді естіп, Үйсін батырдың қасына жүз жігіт қосып, іздеуге жіберіпті. Бұлар баланы тапса да, Сырдария менен Арқаны қимай тұрып қалыпты. Үш жылдан соң Болат мырза жүз жігітпен келіп, о да тұрыпты. Және үш жылдан соң Алшын мырза жүз жігітті ертіп келіп, о да тұрып қалыпты. Сол үш жүз жігіт манағы шала туған баланы алаша төсекте хан көтеріп, «Алаш» деп ұран қойыпты. Үйсін, Болат нәм Алшын мырзадан тұқым қалып, өзге жігіттер жауда өліп, олардан тұқым қалмайды». Қазақтың үш жүз болғанының, Алаш атанғанның мәнісі осы-мыс. Мінеки, ел арасындағы «шежіре» – осы. Мұнан басқа және естуге құлақ иба қылатын өтірік шежірелер толып жатыр.

– Қазақтың болашағы не болмақ? Не істемек керек? Қандай қам жасау қажет? Халық пен мемлекет арасындағы байланыс ше?

– Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын. Би ғәділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды. Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды. 5 миллион қазақ тілегі кемшілік жолына сыймайды. Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздену қажет. Не жұмыс қылсақ, ақыл, сөз, іс – үшеуі сана талқысына өтпей, жұмысқа айналмайды. Адам баласы қылып жүрген іс ой-ақыл болып басталады, сөз болып сөйленеді я жазылады, ақыл сөз сонан

соң барып іске айналады. Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын. Еуропа жұртының сайлауы – халыққа тегіс бір үлкен той. Жалпақ жұрттың көкірегіңде жақсылық болмаса, жұрт жұрт боп тіршілік қылып жүрмек емес. Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы оның соңынан ерер еді. Ғәділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар қыстыгүні үңгірде жатып, өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны – өз аяғы. Өз тізгініңді өзің алып жүре алмай, шатақдаудан шықпайтын бір ескі ауруың бар-ау, қазағым! Қылығыңды көріп ішім күйеді. Хакімші халықтың көбіне сүйенсе, күшті болады. Дүниедегі жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Өтіріксіз, ұрлықсыз бұл сорлылардың арам жемі табылмайды. Торғайдың ақурпек балапанына ауызды ашып, біреуге жалынып-жалпая берсе, мұнан түк өнбейді. Түзу қалам қисайған, өткір қалам мүжілген заман. Ғұмыр өзгерілді. Ат ұрлаған адамды тышқандай өлтіретін орыс мұжығымен ауылдас болдық. Бөтен кісі қазаққа ешқандай жақсылық артып әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды. Біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты. Закон адам пайдасына жазылады, адам закон үшін тумайды ғой. Жүз түйені бір бұралқы ит құйрығына тіркесе, осы ит Ташкент барса, жүз түйе Ташкент кетеді. Итте не жаза бар, түйенің жетекшілігі емес пе? Айыр сөзде айып жоқ. Ақылға саңырауда – айып. Қазақ жеріне жерік болғанда қызаратын бет бар ма? Жолдаспай жер берсе, бұл кейінгі балалардан ұят, осы жер үшін жолдаспаған жігіт жаулық салып, тезек теретін, қап арқалар күн болса, Құдай қосқан іс қылғаны болады. Судья даугер мен жауапкердің сөзін өз құлағымен естімесе, тәмам мылқау ортасынан не жақсы билік шықпақ? Үкімет адамдары қай уақытта көзі байлаулы, адасып жүреді. Түбінде біздің қазақ тілі, бізбен тіл тұқымы бір, өзге мұсылманды байыппаса, бір-бірімізге қоңсы қонбаймыз ғой. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Тарғыннан нәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой.

– Тағылымы мол әңгімеңізге рахмет!

Дайындаған
Ерболат ҚУАТБЕК.

Жасымай Алашына қызмет еткен»

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.



Наурыздың 5-і – қазақ үшін айрықша күн. Осыдан 155 жыл бұрын дәл осы күні Әлихан БӨКЕЙХАН – Алаштың ұлттық көсемі дүниеге келген. Әлекең ұлт-азаттығы жолында тыңға түрен салған біртуар қайраткер. Оның рухани-ғылыми мұрасы уақыт өткен сайын жаңғыра берері сөзсіз. Ол дүние жүзінің ұлт-азаттық қозғалысына ықпал еткен алып тұлға.

Қоқан мен Орынбордың бірін-бірі қолдай жарыса көтерілуі, ұлт көсемдері мен олардың серіктерінен сайланбалы үкіметтер құруы, жақын келешекте бірлесу туралы келісуі өзінше бір феномен. Астана Орынбордан Семейге көшкен соң, Қоқан республикасының

Хинган жоталарынан басталып, Карпатқа дейінгі ұлан-байтақ даланың ұлылыққа теңестірілуін сол өңірдің дараланған тұлғаларына берілген ортақ атау деп қабылдауымыз керек. Ұлы Дала 1222 жылы құрылған Жошы хандығынан бастап, 1822 жылғы І Александр патшаның «Сібір қазақтары туралы» жарлығына дейін 600 жыл үзіліссіз билік жүргізген Шығысхан ұрпақтарының қолында болған. Ұлы қағанның 27-ші ұрпағы бола тұра, қазақ даласын билеген хандардың бір де біреуіне ұқсайтын дара тұлға Әлихан Қазақ елін Ресей бодандығынан арашалап алып, хандық билікке үйлеспейтін әлемдік өркениетке қосуды көкеспе, саяси күрес жолын таңдаған.

өң бойындағы гранит тастарға қашалған таңбаларды қызықтауы, үй іргесіндегі, Жіңішке өзенінің жағасындағы мүсін тастарды тамашалауы, қозы көш жердегі Беғазы тас қорғандарын аралауы, бала Әлиханның санасында таста сақталған тарихты білуге деген құштарлығын туғызып, кейіннен Әлкей Марғұланға өзінің туған жері Беғазы өңірін

Көсем-қызметші

аксиомасы

Ел болам, ұлт болам деген жұрт басшыға мұқтаж. Бұл жол мемлекет ісіне де, дін ісіне де, шаруашылық ісіне де ортақ. Әлемдік діндердің таралуында да пайғамбарлық миссия жүктелген жекелеген тұлғалардың орны айрықша. Оларға Жаратушының таңдауы қалай түссе, азаттыққа ұмтылған Алаш даласына Әлихан Бөкейханның келуі де соған пара-пар құбылыс дер едік.

Қазақы ел басқару, қызмет ету дәстүрінде бұл үрдістің өзіндік жолы қалыптасқан. Абайдың **отыз тоғызшы сөзінде** «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт, жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа бір болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін бұл шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бізшілмек түгіл, жетпегенді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен де жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтпеді?» дегенін Әлихан Бөкейхан мен із-басарлары іске асырғанына көзіміз бүгін анық жетіп отыр.

Ә.Бөкейханның ғұмырбаяндық, саяси қайраткерлік деректерінен біз оның жай ғана ұлт басшысы, әуелі көсем емес, ең алдымен көсем-қызметші, яғни, ұлтына қызмет көрсетуші тұлға болғанын көреміз.

мақсат емес, ұлттың өркендеуінің, атап айтқанда қазақтың жаңғыруының көрінісі болар еді. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Ә.Бөкейхан осыны өз ғұмырының бұлжымас мұраты қылды. Алыс-жақында жүрсе де халқының айқын да көмескі арман-аңсарына, мұқтаждығына қызмет етуді, оның ыстық-суығына төзуді өз жолы деп білді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыста жұрттың құр бекерге қырылмауын және қазақ жігіттерінің әскери іске көзі мен бойы үйрене беруін, мұның келешекте керек іс екенін, өзі уәде еткендей майданның алғы шебіне барып, оларға қызмет етуі, нақты қамқорлық жасауының өзі неге тұрады?!

Елден жырақта Мәскеуде ұйқамақта отырғанда да ол қазаққа қызмет етудің тиімді жолдарын тауып, соның жемісін халқының пайдасына ұсынды. Жазған еңбектері, берген кеңестері, өмірлік үлгісі бүгінгінің іргетасы іспеттес.

Ә.Бөкейхан ғұмырнаамасын осындай деректің талайы кезігеріне еш күмән жоқ. Мәселен, сол оқиғаларды тізбектеуде емес, олардың ішкі мәнін ашып көрсетуге саяды. Алаш қайраткерлерінің лидер-қызметшілік қасиеттері өзге де үлгі болған. Міржақып Дулаттың «Оян қазағы» Ататүріктің күндіз айнасына, түнде жастығына айналды.

Сондай-ақ, Бауыржан Момышұлының бойындағы қайраткерлік, жетекшілік, қызмет етушілік қасиет Екінші дүниежүзілік соғыс барысында айқындалды. Оның тұлғасы жан-жақтылығымен назар аудартады. Ол тек әскери гений ғана емес, ұлт болашағын ойлаушы рухани көреген, адам психологиясын терең танышы, қызмет-міндетіне адал, өз басын қатерге тігуші, қалжыраған жұрты қатерлі де қауіпті міндеттерді орындауға жұмылдыра алушы, зор сенімге ие, кез келген мәселенің мәніне терең үңілуші, талдаушы, тарихты байыптаушы қасиеттерге ие қайраткер. Оның әскери даналығын әлемнің біраз елі өз пайдасына асырғаны туралы деректер жетерлік. Соның бір мысалы, Израил еліне қатысты. 1946 жылы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы иврит тіліне аударылды. Израил мемлекеті енді құрылып жатқан кез. Жас мемлекеттің әрбір офицеріне қарумен бірге осы кітаптың бір данасы тапсырылған. Бұл кітап оқу құралы ғана емес, әрекетке тікелей басшылық нұсқауы ретінде қызмет еткен. Бас штаб бастығы генерал Мота Гур өзінің естелігінде рота командирі болған кезінде майдан шебін тастай қашқан әскерлеріне кітаптың бір тарауындағы батальон командирі Б.Момышұлының «Сен соғыс позицияңды жауға тастадым деп ойлайсың ба? Жоқ, сен Москваны жауға тастадың!» деген сөздерін оқып береді де бұрылып кетеді. Сөйтіп, ол сарбаздардың санасына жетер сөз айтып, әскери рухын көтерді. Міне, Б.Момышұлының кітаптың сөзінің өзі Израил әскерінің рухын жебеген.

«Мемлекеттілігі жоқ халық – жетім әрі жетекшісіз халық. Мемлекеттігі жоқ халық – еліктегіш халық».

«Біз шығыстың сәлдесімен, сарттың ала шапанымен, молданың мәсісімен өркенеттің табалдырығын аттай алмаймыз. Дін ісі мемлекеттен бөлінген, ұлттық-демократиялық қоғамды құруға ұмтылуымыз керек».

Бүгінгі күні көсемдіктің көсем-басшылық сипаты емес, ең алдымен көсем-қызметшілік сипаты алға шығып, ХХІ ғасырда қоғамдық институттардың дамуының басқару парадигмасы ретінде танылып келеді. Ал Алаш жетекшілері, әсіресе Ә.Бөкейхан осы парадигманың озық үлгісін ХХ ғасырдың басында жасап кетті десек, артық айтқанымыз емес.

Көсем-қызметші идеясын ғалым А.Нестуля өзінше ашады. «Көсем-қызметші» ең алдымен қызметші. Қызмет ету – оның ішкі байлығы, ниеті. Шынайы көшбасшы өткенді, бұйым мен келешекті органикалық тұтастықта көре біледі. Кешегі тәрк етпеу, бүгін қаны қалмау, келешектен ешқашан көз жазбау – міне осы үштік лидер тұлғасының да тұтастығын көрсетеді. Сондықтан да, лидер өз өмірінің әр күнінде бір мезгілде тарихшы да, талдаушы да, пайғамбар да бола алуы тиіс. Тарихты түйсінуге, білу, меңгеру, бүгінгі ақпараттар ағыны мен оқиғалар сапырылысынан ең бастысын таңдай алуы, талдау жасау, келешектің көркем кескінін көз алдына келтіре алу тек тұлғаға тән болса, бұл оның лидерлігінің мықты бір қыры болмақ.

Лидер-қызметші өз басының қамын ойлаушы емес, ол ең алдымен ұлтына, халқына қызмет етуші. Осы тұрғыдан оның өз басының пайдасы, қауіпсіздігі, беделі кейінге ысырылады. Ә.Бөкейханның «Біз таңдаған жолдан, айтаң сөзімізден бас тарта алмаймыз. Халықтың алдауға, оның сеніміне қиянат жасауға болмайды, ал жастар, амал табындар» деп, М.Әуезов пен Қ.Мұхамедхановты аман алып қалуы осының мысалы.

Лидер-қызметшілік Ә.Бөкейханға және сол замандағы басқа да қазақ қайраткерлеріне тән болғаны даусыз. Бұл олардың қоғамдық, мемлекеттік және жеке өмірлерінде де көрінеді. Олардың өмір жолы саяси-қоғамдық табандылықтың, сүйген жарға, досқа деген адалдықтың үлгісі.

Ә.Бөкейхан бас қамын ойласа, оның ақыл-көрегендігі, амал-айласы аман қалуға, биік мансапқа жетуге, отбасын аман сақтап қалуға, ұрпағын өзіне қолайлы ортада өсіруге артығымен жетер еді. Ә.Бөкейхан ұрпағы өзінің ұлттық тамырынан ажырап, өзге ұлтқа сіңіп кетуі, бүгінде жат мәдениет аясында танылуы – жеке бастың ғана емес, тұтас қазақтың да қасіреті. Тарих та, тағдыр да солт қалыптасты. Өкінішті! Бәлкім Ә.Бөкейхан ұрпағының ішкі сезім-түйсігі, жігер-қайраты, даналығы бір кездері өзінің алтын қазығына оралуға алып келер. Бұл бір қияли

(Түркістан мұхтарияты), Алашорданың және Башқұртстан басшыларының біріккен съезд өткізгені де көп нәрсеге меңзейді. М.Шоқайдың «Ресей бұғауына түсіп қалған өлкелер ортасында тәуелсіз ұлттық мемлекеттік үшін күресу жолына тұңғыш рет Түркістан түсіп отыр» деген ойы да ақпары мол дерек.

Халел мен Жанша Досмұхамедовтер 1918 жылы сәуірдің 2-не дейін Мәскеуде автономия алу жөнінде Лениннің қа-



былдауында болуы, Ә.Бөкейханов, Х.Фаб-басов, Ә.Ермековтер Ленин және Сталинмен Қазақ автономиясының жер көлемі, шекарасы туралы келіссөз жүргізуі, Қазақ елінің жер аумағын шегендеуі – Алашорда билігінің қызмет-қарекеті аясында жүзеге асқан. Батыс Қазақстан өңіріндегі Каспий жағалауларының, Семей, Ақмола облыстары мен Алтай өңірінен кірген қазақтар тығыз орналасқан Коростелев даласының Қазақстанға қайтарулы осы кезең!

Одан кейін Конституция қабылданбай, «Қазақты – қазақ дейік, қатені түзетейік!» деген Сәкен Сейфуллин 1923 жылы қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде енгізген.

XX ғасырдың алғашқы үштігінде қазақы ой тағдыр тәлкегімен ақ-қызыл баррикаданың өкі жағына жарылды. Дегенмен, екі жақтың да жетекшілері халықпен бірге болу, ұлтқа қызмет ету миссиясын ұстанды. Жалпы, интеллигенция алдында осынау екіұдай заманда екі жақты болған қазақ лидерлеріне ортақ мүдде ұлтқа қызмет ету болғанын дәйекті, дәлелді, негізді түрде жас ұрпақтың санасына сіңіру міндеті тұр. Олардың ұлы мұраттарының бірілігі ұсақ та жайсыз әңгімелер мен тіріліктің келеңсіз де кездейсоқ көріністерінің тасасында қалмауы керек. Кездейсоқ көріністер көркем келешекке деген ортақ ұмтылысты көлегейлемей алуы.

Осы тұрғыдан келгенде мемлекеттік қызметшілердің жаңа буындарын алыс-жақын өткендегі қазақ лидерлерінің үздік үлгісі аясында, лидер-қызметшілік парадигмасы аясында дайындауды негізге алу өзекті. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қазақ даналығы баршаға мәлім. Мемлекеттік қызметшілердің лексиконында «мен ел басқардым» деген сөзді «мен шамма жеткенше елге қызмет еттім» деген сөз алмастыруы тиіс. Баяндалған жайттардан төмендегідей түйіндер, міндеттер туындайды:

– Әлихан Бөкейхан мұрасын зерделегенде, оның лидер-қызметшілік болмысын неғұрлым толық ашып көрсетуі, осы бағытта толымды зерттеулер жүргізу, тиісті дәрежеде және бағыттарда ғылыми негізделген пайымдар жасау;

– Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің санасына лидер-қызметшілік парадигмасын сіңіру;

– Білім берудің барша деңгейінде лидер-қызметшіліктің Әлихан Бөкейхан мен оның ізбасарлары көрсеткен үлгісін жас ұрпаққа орынды насихаттаудың жолдарын жасау.

Болат СЫЗДЫҚ,
Заң ғылымдарының кандидаты,
ҚР Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясының Қарағанды облысы
бойынша филиалының доценти.

ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҮЛҒАСЫ

зерттеуге бағыттаған көзқарасы. Қоянды жәрмеңкесі ашылғанда Ташкеннен шыққан саудагерлердің керуен жолының Әлихан туған Желтауды басып өтіп, Қарқаралыны қазып, Қояндыға жетіп, Омбыға барып тоқтауын, Әлиханның сол Қарқаралыда 7 жыл оқып, училище бітіріп, қосымша етікші мамандығын алып, патша билігінің қазақ жерін атқару саясатының орталығы болған Омбыда 8 жылдай қызмет жасап, саяси күреске шығарған, өмір жолының басталғасы десе болар. Көзі ашық, көкірегі ояу жастарға ұқсап заңгерлікті де, әскери офицерлікті де қаламай орманшы болуы – өзінің жерге табынуы, жердің адам өмірі үшін аса қажеттілігін бағалаған көрегендігінен туындаса керек. 1901 жылы қайтыс болған әкесі Нұрмұхамедке соқтырған мазардың ішіне бұрын соңды қазақ даласында қолданысқа еңбесе де өзі отырғызған талдың бір ғасырдан аса жайқалып өсіп, мазарды «Талдыбейіт» деп атандыруы, дән салсаң көктеп шығар қара жердің құнарына жұртшылықтың назарын аудартқаны болар. Жер ананың нағыз иесі жерден нәсібін айыратын қарапайым халық екендігіне барша адамзаттың көзін жеткізуден туындаған көзқарасы болар. Ежелден Қазақ даласынан «Степной городок» құру туралы өзінің идеясын 1921-1922 жылдары Желтауда болғанда бауырларына туған жерінде орындатып, кооператив құрғызып, мектеп ашқызып, тері өңдеу цехы мен май зауытын ашқызып, «аграрлық қауымдастыққа» айналдырғандығы – өмір бойы көксемген асыл мұратының іске аса бастаған жемісті нәтижегі шығар. Ұлы Даланың тұлғалары Шоқан мен Әлихан – тағдырлас. Екеуі де орыстың Императорлық жағрафия қоғамына мүше болған. Шоқан Санкт-Петербуркте қызмет жасап, Әлихан институтында оқыған. Шоқан «Қарқаралы сыртқы округі болыстарының қысқы көші-қоны» туралы жазса, Әлихан «Қарқаралы қырғыздарының жер пайдалану картасын» жасаған. Шоқан Абылайдың шебересі, Әлихан Барақтың шебересі. Шоқан «Манас» пен «Қозы Көрпешті» зерттесе, Әлихан «Қара қыпшақ Қобыланды» мен «Қалқаман-Мамырды» зерттеген. Шоқан «Қазақ шежіресін» жазса, Әлихан Адай, Қарқаралы уездерінің генеологиялық картасын жасаған. Шоқан Қашқарияға саяхат жасап, Әлихан Еуропаның өркендеуі мен әлем тарихын меңгерген. Шоқан Атбасарда аға сұлтандыққа сайланса, Әлихан Думаға депутат болған. Шоқан 1860 жылы І Александрдың қабылдауына барса, Әлиханды 1907 жылы ІІ Николай патша қабылдаған. Екеуі де Брокгауз бен Ефрон шығарған энциклопедияға алғаш енген қазақ, 1918 жылдың 27 қыркүйегінде Әлиханның анасы қайтыс болса, 1937 жылы 27 қыркүйекте Әлихан атылған. 1866 жылы 5 наурызда Әлихан т.б.с., 1953 жылы 5 наурызда Сталин өлген. А.Байтұрсынұлы: «Әлихан – көсемдердің көсемі!» десе, Ә.Ермеков: «Әлихан терең дария, мұхит білімді, тоғыз тілді меңгерген ғалым» – деген. М.Қойгелдиев: «Әлихан – Махатма Гандимен теңесетін тұлға» десе, Ресейдің социал-демократиялық қозғалысында «Әлихан – қазақ халқын бір ғасырға алға сүйреген адам» деп баға берген. Сұлтанхан Аққұлұлы: «Әлихан – қазақтың тұңғыш гуманист либерал-демократы» десе, Уяма Томохико: «Әлиханның көзқарасында прогрессивтік және Еуропашылдық идеясын мен қатар, қазақ дәстүрін және қазақтың сақтап қалу идеясы болған» деп Ұлы тұлғаға теңеген.

Арайлым ТҰҒЫШБАЕВА,
№77 орта мектептің
10-сынып оқушысы.
ҚАРАҒАНДЫ қаласы.